

ISSN (Print) 2616-7174  
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ЖУРНАЛИСТИКА** сериясы

**JOURNALISM** Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

**№3(128)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Қайрат Сак**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

**Редакция алқасы**

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әшірбекова Гүлмира	Ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақап	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**  
*Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*  
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

### **Editorial board**

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

### **Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

Главный редактор **Кайрат Сак**  
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)  
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

#### Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Аширбекова Гульмира	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматай	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 25 экземпляров.  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

---

## Мазмұны

### **БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

- Алдабергенов Қ.М.* Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және репрессия жылдарындағы баспасөз ..... **8-13**
- Дүйсебай Д., Тасплатова Р.* Спорт журналистерін кәсіби деңгейде дайындау мәселелері ..... **14-21**
- Трофимова Г.Н., Петров Г.П., Барабаш В.В.* Билингвалды медиакөңістіктегі Саха-Якутияның этнобағытталған журналистикасы ..... **22-38**
- Шындалиева М.Б., Саркенова Қ.Қ.* Журналистика, филология мамандықтары оқу бағдарламасын дайындаудағы өзекті мәселелер ..... **39-44**

### **ЖАҢА МЕДИА**

- Амангелдиева Г.С., Сақ Қ.Ө.* Сандық журналистиканың қалыптасуы және өзгермелі көкжиектері ..... **45-52**
- Маулет Зүлкәпіл, Тоқтарбай Б.* Ақпараттық жаңа технология және дәстүрлі журналистика ..... **53-60**

### **ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА**

- Есенбекова Ұ.М.* Трансмедиалық баяндаудың тұжырымын зерттеудегі теориялық ұстанымдар ..... **61-66**
- Сулейменова А.Э., Жусупова А.М.* Жергілікті қауымдастық аудиториясына аймақтық теледидардың мәдени әсер ету нысаны ..... **67-72**

## Contents

### *THE MEDIA AND SOCIETY*

<i>Aldabergenov K.M.</i> Press In Time of Mass Famine and Repression In Kasakh Land .....	<b>8-13</b>
<i>Duisebay D., Taspolatova R.</i> Issues of Professional Training of Sports Journalists .....	<b>14-21</b>
<i>Trofimova G.N. , Petrov G.P., Drum V.V.</i> Ethno-oriented Journalism in the Bilingual Media Space of Sakha-Yakutia .....	<b>22-38</b>
<i>Shindalieva M.B., Sarekenova K.K.</i> Actual Problems of the Curriculum of Journalism and Philology Specialties .....	<b>39-44</b>

### *NEW MEDIA*

<i>Amangeldiyeva G.S., Sak K.O.</i> The Formation and the Changing Horizons of Journalism Digital .....	<b>45-52</b>
<i>Maulet Zulkapil, Toktarbai B.</i> Information Technology and Traditional Journalism .....	<b>53-60</b>

### *TELERADIOJOURNALISTIKA*

<i>Yessenbekova U.M.</i> Theoretical Bases of Concept Development Transmedia Storytelling .....	<b>61-66</b>
<i>Suleimenova A.E., Zhusupova A.M.</i> A regional Television Like an Object of Culture Influent to Local Community .....	<b>67-72</b>

## Содержание

### **СМИ И ОБЩЕСТВА**

<i>Алдабергенов К.М.</i> Печать Казахстана в годы голодомора и политических репрессий .....	<b>8-13</b>
<i>Дуйсебай Д., Тасполатова Р.</i> Вопросы профессиональной подготовки спортивных журналистов .....	<b>14-21</b>
<i>Трофимова Г.Н., Петров Г.П., Барабаиш В.В.</i> Этноориентированная журналистика в билингвальном медиапространстве Саха-Якутии .....	<b>22-38</b>
<i>Шындалиева М.Б., Саркенова К.К.</i> Актуальные проблемы учебной программы факультетов журналистики и филологии .....	<b>39-44</b>

### **НОВЫЕ МЕДИА**

<i>Амангелдиева Г.С., К.О. Сак</i> Формирование и меняющиеся горизонты цифровой журналистики .....	<b>45-52</b>
<i>Маулет Зулъкапил, Токтарбай Б.</i> Информационные технологии и традиционная журналистика .....	<b>53-60</b>

### **ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА**

<i>Есенбекова У.М.</i> Теоретические основы разработки концепции трансмедиа сторителлинга .....	<b>61-66</b>
<i>Сулейменова А.Э., Жусупова А.М.</i> Региональное телевидение как объект культурного воздействия на аудиторию местного сообщества .....	<b>67-72</b>

XFTAP 19.01.07

**М.Б. Шындалиева<sup>1</sup>, Қ.Қ. Саркенова<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>mendigul@list.ru, <sup>2</sup>sareke.kk@gmail.com )

### **Журналистика, филология мамандықтарының оқу бағдарламасын дайындаудың өзекті мәселелері**

**Андатпа.** Мақалада жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі, қазіргі уақытта кадрларды даярлау барысы мамандықтар жіктеуішіне сәйкес жүргізілетіні, жаңа классификаторға сәйкес кадрларды даярлау бағытының лицензияланатыны туралы айтылады. Жоғары білім сапасын бағалау аккредиттеу тетігі, олардың регламенттері, жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі туралы да жазылған. Филология және журналистика мамандықтары бір-біріне жақын мамандықтар болғандықтан жаһандану кезеңінде журналистика, массмедиа технологиясы мен филология салаларындағы мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ортақ журналист-филолог мамандығының бағдарламасын жасау қажеттігі жан-жақты талданған.

Мақала болашақ журналистерді даярлау үрдісінде филологиялық пәндерді тереңдетіп оқытудың қажеттілігіне де арналған, себебі студенттер сөзді пайдаланудың тәсілдерін жақсы меңгеріп қана қоймай, болашақ журналистің жалпы мәдени өресінің жоғары болуы қажет екені айтылады.

**Түйін сөздер:** журналистика, филология, бағдарлама, академия, бағыт, дербестік.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-128-3-39-44>**

ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында депутаттар «Жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданғаны біршама уақыт өтті. Аталған заң жобасы бұрынғы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерді орындау үшін әзірленген болатын. Заң жобасының негізінде ұлттық «100 нақты қадам» жоспарының 78 қадамын жүзеге асыруды қолға алды. Назарбаев университетінің тәжірибесін ескере отырып, жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңмен кеңейту көзделген. Жалпы аталған өзгерістер ЖОО қызметінің үш негізгі бағытын реттейді. Біріншісі - академиялық, екіншісі - басқарушылық, үшіншісі - қаржылық.

Академиялық дербестік бойынша мына жайттарды ескерген жөн сияқты. Академиялық еркіндік - бұл оқу сапасын арттыру бағдарламаларының мазмұнын дербес анықтау бойынша жоғары оқу орындарына өкілеттік беру. Бұл жаңа экономикаға көшу жағдайында, білікті кадрлар мен жаңа мамандықтарға деген қажеттілік одан сайын артып келе жатқан маңызды. Біз бүгінгі күні жоғары білім беру еңбек нарығы талап ететін сын - қатерлерге жедел жауап бере алмайтынын мойындаймыз.

*Біріншіден,* заң жобасы жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін 65% - дан 85% - ға дейін кеңейтуді ұсынады. Бұл үшін жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеу бойынша өкілеттіктер беріледі. Осылайша, даад бағдарламасының әрбір мамандық бойынша әзірленетін жоғары оқу орны өз бетінше бағдар жасай отырып, еңбек нарығына ұсынады. Аталған білім беру бағдарламаларын есепке алу және ақпарат алу үшін бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесі арқылы білім беру бағдарламаларының тізілімін енгізу қарастырылған.

*Екіншіден,* қазіргі уақытта кадрларды даярлау мамандықтар жіктеуішіне сәйкес жүргізіледі. Онда 600-ден астам мамандық бар, олардың көбі бүгінде еңбек нарығы үшін өзекті емес. Кадрлардың еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі де жоғары және жоға-



ры оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішіне жаңа мамандықтарды енгізудің ұзақ процестеріне байланысты. Бұл процесс алты айдан бір жылға дейін созылады. Білім беру бағдарламаларына көшу үшін сыныптауыштың құрылымын өзгерту қажет.

*Үшіншіден*, бұрын мамандығы лицензияланған болса, енді жаңа классификаторға сәйкес кадрларды даярлау бағыты лицензияланатын болады. Басқаша айтқанда, жоғары оқу орны кадрларды даярлаудың нақты бағыты бойынша лицензия алады, оның шеңберінде білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді және жүзеге асырады.

*Төртіншіден*, жоғары білім сапасын бағалау аккредиттеу тетігі арқылы жүргізіледі. Бүгінде Қазақстанда аккредиттеу агенттіктерінің тізіліміне онға жуық агенттік кіреді. Оның ішінде бес қазақстандық және үш шетелдік агенттік бар және олардың ережелері халықаралық стандарттар негізінде әзірленгені белгілі. Сондай-ақ елде қазақстандық және шетелдік аккредиттеу агенттіктері арасында бәсекелестік орта пайда бола бастады. Басқарушылық дербестікке қатысты ол жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігінің кеңеюі жоғары оқу орындарын басқару жүйесінің өзгеруімен тығыз байланысты.

Филология және журналистика мамандықтары бір-біріне жақын мамандықтар. Біз жаһандану кезеңінде журналистика мен филология салаларындағы мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бағдарлама жасауды жөн деп таптық.

«Журналист-филолог» білім беру бағдарламасының жобасын жасап, зерттеулер жүргізе отырып олардың мазмұнын жетілдіруді жұмыс берушілердің белсенді қатысуымен, еңбек нарығының негізгі нақты, қазіргі заманғы талаптарына сәйкес мазмұнды қайта құрылымдау жүргізуге талпыныс жасадық. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінде «Халықаралық журналистика», «Интернет журналистика», «Әскери журналистика», «Спорт журналистикасы» т.б. оқу бағдарламаларының жобасы жасалды.

Қазіргі уақытта Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің филология факультетінде де білім беруді трансформациялау мақсатында жаңа білім беру траекторияларын енгізуге белсенді түрде кірісуде. Филология факультеті жұмысының басым бағыттары жақын болашақта ЖОО-да филологиялық білім беруді трансформациялау, жаңа оқу бағдарламаларды жасау, білім беру сапасын одан әрі арттыру, интернационалдандыру және қосымша білім беру бағдарламаларының неғұрлым икемді жүйесін дамытуды қолға алып жатыр.

«Журналист-филолог» білім беру оқу бағдарламасын жасау бүгінгі күннің талабы. Оның бірінші себебі, журналист сөзбен жұмыс істейді, бұл оның басты кәсіби құралы. «Филология» сөзі – тіл мен стилистика саласы және адамзаттың рухани мәдениетін ғана емес тіл білімі, әдебиеттану, мәтінтану, деректану т. б. пәндердің жиынтығы дегенді білдіреді. Филология (гр. *Philologia* сөзге құмарлық) - жазба ескерткіштерді тілдік және стилистикалық жағынан талдау арқылы адамзаттың рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімі, әдебиеттану, мәтінтану, деректеметану, палеография т.б. гуманитарлық пәндердің жиынтығы. Мәтін филологияның алғашқы нақты негізі болды, оның дамуына философия елеулі ықпал етті [1, 345 б.]. Сондықтан, кез келген бейіндегі журналистика факультеттерінде филологиялық пәндерді тереңдетіп оқыту қажет екені баршымызға аян.

Журналистерге арнайы білім беру қажет пе, әлде білімнің тар саласында, мысалы, экономика, саясат, медицина, экология және т. б. кәсіпқой болу жеткілікті дейтін пікірлер ара-тұра айтылып жүр және жақсы журналист болу үшін, интернет - журналистиканы меңгерсе жеткілікті деген біржақты пікір бар екені де жасырын емес.

Журналист пен филолог маманын дайындаудағы басты мақсаты - сауатты және түсінікті сөйлеу және жазу, өз ойын кәсіби және дәлелді баяндау, ұсынатын деректер мен құбылыстарды талдау үшін жақсы гуманитарлық және жалпы мәдени дайындық та қажет етеді. Осындай дайындық толық және жан-жақты болуы үшін журналистика мен филология мамандарын дайындау қажет деп ойлаймыз.

Журналистерге филология пәндерін тереңдетіп оқытудың маңызы зор. Журналистика мамандығында оқытын студенттерге стилистика, әдеби редакциялау курстарын ғана емес, сонымен қатар оқу жоспарларындағы қазіргі оқу сағаты қысқартылған қазақ тілінің салаларын терең меңгерудің маңызы зор. Сөйлеу мәдениетінде қателіктер өте көп кездеседі, атап айтқанда, БАҚ қызметкерлерінде жиі кездесетін екпін қоюдағы, сөз формасының түзілуінде, ой-пікірдің бір түрлілігі мен мәнерлеп сөйлегенде қазақ тіліндегі кейбір әріптерді дұрыс дыбыстай алмайтындар қатары көбейіп келеді. Әрбір болашақ журналист сөзге құлақ түру керек, оны шебер және кәсіби түрде пайдалана білуі шарт. Журналистің ең көп жіберетін қателігі қазақ тілінің заңдылықтарын терең білмеуінен туындайды. Зерттеуші Наталья Ярыгина: «Филология факультетінде мамандану барысында алынған журналистік білім көп қырлы сипатқа ие болады, білім алушының филологиялық мәдениетін қалыптастыруға және студенттердің рухани әлеміне жақын журналистика бойынша арнайы курстар оқыту арқылы, олардың шығармашылыққа, өзін-өзі дамытуға деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді»[2, 56 б.], -деген пікір орынды.

Отандық журналистиканың ұлттық ерекшелігі, бұл шығармашылық мамандық және журналистиканың тарихи және органикалық байланыста болуы үшін филологияны тереңдетіп оқыту керек. Тек жазушы ғана емес, сондай - ақ тамаша журналист және публицист болған Ф. М. Достоевский: «Сөз - бұл жетекші іс»[3, 78 б.], - деген пікір айтады. Сондықтан журналисттер мен филология оқу бағдарламасын жасауда әдебиеттің тарихы, теориясымен қатар отандық журналистиканың тарихы, теориясы бойынша пәндер тең дәрежеде енгізілуі тиіс. Бұл студенттердің білімін, олардың ана тіліндегі сапалы мәтіндермен танысуы мен жұмыс істеуіне, болашақ журналистердің кәсіби дайындық деңгейін жоғарылатудың бірден-бір жолы болмақ.

«Журналистика» мен «Филология» оқу бағдарламасын жасау барысында журналистика мен филология пәндерінің тепе-теңдігі сақталады. Дәстүрлі журналист мамандарын дайындау барысындағы міндетті пәндер «Журналистикаға кіріспе», «Журналистика жанрлары мен пішіндері», «Қазақ баспасөзінің тарихы», «Әдеби редакциялау және стилистика», «БАҚ заңнамасы және этикасы» т.б. пәндер міндетті түрде оқытылады. Сонымен қоса филологиялық пәндер де оқу жоспраның 50 пайызын құрайды. Журналист-филолог оқу бағдаламасына отандық әдебиет тарихының барлық кезеңдерімен қоса, тіл білімінің барлық салалары қамтылуы тиіс. Әдебиет пен тіл психологиялық, адамгершілік-философиялық және этикалық мәселелерді қамтиды және ол бұқаралық ақпарат құралдарының болашақ қызметкерлеріне заманауи қоғамдық процестерде бағдарлануға көмектеседі. Әдебиет тарихымыз бен мәдениетімізді бейнелейді десек, оны студент білмей көркем-публицистикалық туындыны жазудың қыр-сырын меңгереді деу қиын.

Журналист пен филолог мамандарға әдебиет пен тіл тарихы мен теориясын оқытуда міндеті түрде студенттерге тарихи-мәдени үрдістің заңдылықтары туралы терең және жүйелі түсінік беру, тіл мен әдебиеттің идеялық-көркемдік байлығын, эстетикалық жетілдірілуін және гуманистік мазмұнын таныстыру өте қажет. Көркем әдебиет - сөздегі заманауи және мәңгілік мәселелерді ұғыну деп түсінсек, практикалық сабақтарда жеке туындыларды талдау кезінде жазушының стилі мен сөзінің өзіндік ерекшелігіне, оның көркемдік шеберлігіне ерекше назар аударылуы тиіс. Бұл әсіресе журналист пен филология студенттер үшін маңызды және сөз меңгерудің жоғары үлгілерімен танысқан кезде, олар өз ой-пікірлерін нақты және сауатты жеткізе білуді үйренеді.

Филология факультеттерін бітірген барлық маман журналист бола алады деп айтуға болмайды. Сондықтан, болашақ маманды даярлаудың сапасы, формасы және әдістері туралы мәселе қазіргі уақытта да өзекті болып қала бермек. Әлбетте, журналистика факультетінің қазіргі заманғы студенттері бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті тақырыптарды, жаңа медиатеchnологияларды зерттеп белсенді қызмет атқарып жүр.

Журналистика - бұл ақпарат пен репортаж ғана емес. Бұл сараптама. Бұл респонденттермен сұхбаттар мен репортаждар жасаудың қыр-сырын меңгеру бір күннің шеңберіне сыймайды. Журналист ақылды, ойға итермелейтін сұрақ қою үшін білімнің белгілі бір деңгейі ғана емес, сонымен қатар жалпы мәдениеттің де болуы қажет екендігі түсінікті. Соның ішінде, атап айтқанда, филологиялық дайындықсыз жақсы материал жазу оңай емес. Біздің ойымызша, журналистика мен филология мамандығының болашағы зор және бұл оқу бағдарламасы болашақ түлектерді жұмыссыз қалдырмайды.

Бағдарлама барысында қазақ, орыс тілдеріндегі күрделі мәтіндермен жұмыс істей алатын, әдеби редакциялау және мәтінді стильдік жағынан жөндеу, электрондық деректер қорын, сандық кітапханаларды, кітап порталдарын және веб-мұрағаттарды құру дағдыларын меңгерген, әдеби шығармаларды талдау мен интерпретациялаудың түрлі әдістерін практикада қолдана алатын мамандарды дайындауға бағытталған.

«Журналистика» мамандығын бітірген түлектер спичрайтер, телевидение мен радио, газет-журналдарда редактор, корректор, интернет саласында журналист, баспада редактор болып жұмыс істей алады. Алдымен спичрайтер мамандығына тоқталайық.

«Спичрайтер» (ағылш. speech-сөз, writer-автор, жазушы) - қоғаммен байланыс саласындағы маман. Ағылшынның «спичрайтер» сөзі 1990-шы жылдардан бастап қолданыла бастады. Бірақ әлі күнге дейін мемлекеттік қызметте осындай атаумен ресми лауазым жоқ, әдетте бұл мамандықтың қызметкерлерін референт немесе көмекшілер деп атайды. Қазіргі уақытта біздің еліміздегі лауазымды тұлғалардың жанында спичрайтерлер мемлекеттік қызметшілер болып табылады. Президент Әкімшілігінде 40-қа жуық референт (аға және кіші) жұмыс істейді екен. Президенттің көмекшісі қызметін атқарған жеке спичрайтерлер де болады.

Спичрайтердің негізгі міндеті - сөз сөйлеу барынша қызықты және ең жағымды әсер етуі үшін мәтінді жазу. Спичрайтер саясаттанушы, актер, психолог, әдебиетші қабілетін біріктіруі тиіс. Қалай сөйлеу керек екенін анықтау үшін спичрайтер өз клиенттерімен келіс-сөздер жүргізеді және саясаткер немесе бизнесмен өз сөзінде қандай мәселелерді, қандай көзқарасты ұстанғысы келетінін нақтылайды. Осыдан кейін жазбаша жұмыс басталады: маман қаралатын мәселелердің өз көзқарасын баяндайды. Әрине, спичрайтер оның клиентінің сөз сөйлеуін қандай аудитория тыңдайтынын ескереді. Осыған сәйкес ол мәтінді стилистикалық түрде ресімдейді. Мысалы, оны қандай да бір анекдоттармен, мақал-мәтелдермен толықтырады, егер бұл болашақ сөз сөйлеу тақырыбымен сәйкес сабақтасырады. Сөйлеудің нобайы жазылған кезде спичрайтер міндетті түрде мәтінді тапсырыс берушімен келіседі. Маман нақты адам үшін сөз сөйлеуді дайындайды және оның сөйлеу ерекшеліктерін ескеруі, тыңдай білуі тиіс. Келісілгеннен кейін мәтін пысықталады.

«Журналистика» мен «Филология» мамандығында оқитын студент редактор міндетінің қыр сырын толық меңгеруі тиіс. Олар теледидарда, радиода, киноиндустрияда, сондай-ақ кітап баспалары мен мерзімді басылымдарда редакторлық жұмыс істей алады.

Редактор (лат. *gedactus* – ретке келтірілген) - бұл туындыны жариялау үшін іріктейтін немесе автор жазбасын стильдік, грамматикалық жағынан түзетулер енгізетін маман. Ол авторға кемшіліктерді жоюға, акценттерді қоюға, басты ойды білдіруге көмектеседі.

Бұл оқу бағдарламасын тәмамдаған түлектер алғашқыда корректор болып жұмыс істеуі де мүмкін. Корректор (лат. *corrector*-түзетуші) - редактордан кейін мәтінді оқитын маман. Ол өткізіп алған орфографиялық және пунктуациялық, грамматикалық қателерді түзетеді, артық бос сөздерді жөндеп, қателерін түзетеді.

Ұжымдық радио мен телевизиялық шығармашылықта оның барлық қатысушылары бірыңғай редакциялық саясатты анық түсінуі және жүзеге асыруы маңызды. Оған жетудегі негізгі рөл шығармашылық үдеріске белсенді қосылатын маман – редактор болып табылады.

Редактор эфирден тыс жұмыс жасайды. Оның қызметінің басты ерекшелігі-ол басқа хабар жасаушылардың шығармашылық қиялын бағыттайды, регламенттейді, кейде шектейді. Оның негізгі мақсаты қандай да бір хабарда көтерілген мәселені тақырыптық әзірлеу болып табылады, сондықтан ол барлық материалдардың басты тақырыптың айналасында шоғырлануын, көрермен мен тыңдаушының назарын алаңдатпауын қадағалайды. Редакциялау процесі қандай да бір айдардың жоспарын құрудан, кейде тіпті оның атауы мен тұжырымдамасынан басталады. Көптеген жағдайларда редактор өзі бағдарлама авторларын жоспарларға дейін де, материалды жинау кезеңі басталғаннан кейін де іздейді және таңдайды. Ол берілісті дайындаудың технологиялық схемасында дайындық немесе редакторлық деп аталады. Қазіргі заманғы бағдарламалардың көпшілігі авторлардың қатысу арқылы құрылады, сондықтан радио мен телевидение редакторына әртүрлі авторлардың категорияларымен: кадрда немесе микрофонда сөз сөйлеуші авторлармен және сценарийлер мен сценарийлік жоспарларды әзірлеуге қатысатын авторлармен жұмыс істеуге тура келеді.

Сценарлық жоспар бойынша редактор автордың сұхбат немесе әңгімеге дайындық дәрежесін анықтайды. Редактор автордан сұрақтар шеңберін, олардың дәйектілігін тақырыпты ашу немесе оған жаңа, түпнұсқа көзқарасты табу үшін негіз құруы тиіс. Редактор автор сценарийге салған негізгі публицистикалық және көркем идеяларды келесі орындаушылар (кейіпкерлер, жетекші), хабар жасаушылар (режиссер, оператор), көрермендерге бірдей түсінікті болатынына сенімді болуы тиіс. Радио мен ТВ редактордың жұмысында тағы бір кезең - эфирлік редакциялау болуы мүмкін. Мұндай редакциялау қажеттілігі әдетте тікелей репортаждар мен басқа да хабарларда алдын ала жазылусыз пайда болады, онда сценарийлік жоспарда көзделмеген күтпеген жағдайлар болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда редактор хабар беру барысында дикторлық мәтінді немесе жүргізуші мәтінін қысқартуды, тез арада өзгерту мәтініне енгізуді, бағдарламаға соңғы минуттардың ақпаратын енгізуді талап етеді. Ақпараттық бағдарламада редактор басқа қызметкерлерге қатысты шығармашылықта ең үлкен құқықтарға және дербестікке ие. Жаңалықтар бағдарламаларында журналистер екі редактормен жұмыс істейді: - редактормен, репортер мен тілшілер арасында жедел материалдарды жинау бойынша міндеттерді бөледі (оны үйлестіруші деп атайды) және шығарушы редактормен. Редактор-үйлестіруші-ақпарат бөлімдеріндегі ең маңызды қызметтердің бірі, барлық бөлім жұмысының жүйке торабы, репортер, операторлар, режиссерлер, монтажерлер қызметін үйлестіретін осы редактор.

Қорыта келгенде айтармыз, «Журналист-филолог» мамандығын дайындау бүгінгі күннің талабы. Бұл білім беру бағдарламасы журналистика саласы үшін бакалавр деңгейдегі маман даярлауға бағытталған. Білім беру бағдарламасын дайындау барысында біліктіліктің ұлттық талаптары мен ҚР Білім және ғылым саласындағы нормативті-әдістемелік құжаттары басшылыққа алынды. Оқу бағдарламасыда білім беру үрдісінің мақсаты, нәтижелері, мазмұны анықталып, бұқаралық ақпарат құралдарының редакцияларына білікті маман даярлауды қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер тізімі

